

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ
Бюджет қаражаты есебінен ғылыми зерттеулер мен ғылыми жұмыстарды орындау үшін
тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтерді сатып алу комиссиясы отырысының
№ 3 ХАТТАМАСЫ

Ақтөбе қ.

26.06.2025ж.

Комиссия отырысын өткізу орны: Ақтөбе қаласы, Ағайынды Жұбановтар көшесі 263,
Ректорат ғимараты

Комиссия отырысын өткізу күні: 26.06.2025 ж.

Комиссия отырысын өткізу уақыты:

Басталуы: 10:00

Комиссия отырысына қатысушылар:

Комиссия төрағасы:

1. Р.А. Бекназаров - Басқарма мүшесі, Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор

Комиссия мүшелері:

2. З.Т.Нугаева - комиссия төрағасының орынбасары, Ғылым және инновациялар департаментінің директоры;
3. А.Б.Калабаева – бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің есепшісі;
4. Е.С.Қажетов - Мемлекеттік сатып алу және материалды-техникалық қамтамасыз ету офисінің жетекшісі;
5. Н.М. Дуймуханов - коммерцияландыру офисінің жетекшісі, келісім бойынша тартылған сарапшы;

Бақылаушы:

Н.С. Каржаубаев - университеттің комплаенс офисінің офицері;

Комиссия хатшысы:

К.З. Елубаева - коммерцияландыру офисінің маманы.

Тиісті жоба жетекшісі- Д.А. Есенғалиев.

Комиссия зум платформасында онлайн форматта катысты. Комиссия отырысының кворумы бар.

Дауыс беру тәртібі: ашық дауыс беру.

Комиссия отырысының күн тәртібінде:

Ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурс бойынша мемлекеттік тапсырысты орындау шеңберінде 2025 жылға ғылыми зерттеуге сатып алу жоспарланған тауарлардың, жұмыстар және көрсетілетін қызметтердің тізбесіне» (бұдан әрі - Жоспар) енгізілген тауарлар, жұмыстар, көрсетілген қызметтерді сатып алу туралы қызметтік хаттарына сәйкес конкурстық құжаттарын карау нәтижесінде коммерциялық ұсыныстарды сұрату тәсілімен конкурс жеңімпаздарын анықтау.

1. Жоба жетекшісі - Д.А.Есенгалиевтің АР22783247 «Никельді тотықсыздандырудың металлотермиялық процесін зерттеу және кремний, алюминий, құрамдас тотықсыздандырғыштарды қолдана отырып, никель феррокорытпасын балқыту» жобасының ғылыми зерттеу жұмыстарына қажетті жабдықтарын сатып алуға қатысты конкурстық құжаттары қаралды. Аталған тауарлар сатып алу Жоспарына енгізілген. Құрылғыны жеткізу бойынша төмендегі кестеге сәйкес 3 коммерциялық ұсыныс келіп түскен:

	Әлеуетті жеткізуші	Тауар атауы	1 данасының құны	Жалпы құны, (ҚҚС) теңгемен
1	«AlemTrade» ЖШС	MP-3 Автоматты металлографиялық үлгі тегістеу және жылтырату машинасы	3 424 220,00	4 952 885,00
		Vim-1 вакуумды монтаждау прессі	1 528 665,00	
2	«Labsol» ЖШС	MP-3 Автоматты металлографиялық үлгі тегістеу және жылтырату машинасы	3 500 000,00	5 100 000,00
		Vim-1 вакуумды монтаждау прессі	1 600 000,00	
3	«NBA Company» ЖШС	MP-3 Автоматты металлографиялық үлгі тегістеу және жылтырату машинасы	5 025 000,00	7 800 000,00
		Vim-1 вакуумды монтаждау прессі	2 775 000,00	

Келіп түскен коммерциялық ұсыныстарды қарау нәтижесінде Комиссия құрамы аталған тауарларды сатып алу бойынша әлеуметті жеткізуші «AlemTrade» ЖШС-не дауыс беруді ұйғарды.

Дауыс берді:

«Қолдаймын» - 5;

«Қарсы» - 0;

«Қалыс қалды» - 0;

ШЕШІМ: Жоба жетекшісі – Д.А.Есенгалиевтің зерттеу жұмыстарына қажетті MP-3 Автоматты металлографиялық үлгі тегістеу және жылтырату машинасы мен Vim-1 вакуумды монтаждау пресін сатып алу бойынша Ережеге сәйкес көпшілік даусымен ашық дауыс беру нәтижесінде:

- 1) Әлеуетті жеткізуші «AlemTrade» компаниясы бір ауыздан коммерциялық ұсыныстарды сұрату тәсілімен конкурс жеңімпазы болып танылсын;
- 2) конкурс жеңімпазы «AlemTrade» компаниясымен жоғарыда аталған тауарларды жеткізу туралы Шарт жасалсын.

Комиссия отырысына қатысушылар:

Комиссия төрағасы

Т.А. Бекназаров

Комиссия мүшелері:

З.І. Пұтасоя

А.Б. Калабаева

Е.С. Қажетов

Н.М. Дуймуханов

Бақылаушы:

Н.С. Каржаубаев

Комиссия хатшысы:

К.З. Елубаева